Бекітемін

«Ноғайты» бөбекжай - балабақшасының

меңгерушісі: Р.Т. Кузенбаева.

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

**2022-2023жж**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша) «Ноғайты» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Толағай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жастан бастап
Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2022 жыл

Бекітемін 10.09.2022ж

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка<br>Аптасына 2 сағ<br>1 айда 8 рет | -Музыка тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау)<br>- Әнді қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. (ре-си бірінші октава шегінде)<br>-Ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру.<br>- Әнді иллюстрацияларды көрсету<br>-Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру.<br>-Музыканың сипатын сезінуге үйрету<br>-музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету. (ақырын, қатты,баяу,жылдам)<br>- Жеңіл, ырғақпен қозғалу<br>-Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету.<br>-Кіріспеден кейін қимылдарды бастау. |
| Қазан | Музыка<br>Аптасына 2 сағ<br>1 айда 8 рет | -Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>-Музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдауға баулу.<br>-Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау<br>- Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу.<br>- Сазсырнаймен қарапайым әуендерді ойнау.<br>-Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.<br>- Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету<br>-Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. |

| | | |
|---|---|---|
| Қараша | Музыка<br>Аптасына 2 сағ<br>1 айда 8 рет | - Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға қалыптастыру.<br>-Әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды.<br>-Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>-Шеңбер бойымен ән айтып жүру.<br>-Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету.<br>-Би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасай алады.<br>-Музыкалық аспаптарды тану және атау. (ағаш қасық, сылдырмақ, асатаяқ, домбыра, сазсырнай, барбан, металлофон) |
| Желтоқсан | Музыка<br>Аптасына 2 сағ<br>1 айда 8 рет | - Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету.<br>- Атрибуттармен би қимылдарын орындау<br>- Аспаптың сүймелдеуімен ән айтуға баулу (жетекшінің көмегімен).<br>- Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру<br>- Аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.<br>- Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.<br>- Жоғары дыбыстарды ажырату (секста ,септима шегінде жоғары, төмен).<br>-Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. |
| Қаңтар | Музыка<br>Аптасына 2 сағ<br>1 айда 8 рет | -Музыканы тыңдай отырып жоғарғы дыбыстарды (секста, септима шгінде) ажырата білу;<br>-Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен);<br>-Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау;<br>-Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу. |
| Ақпан | Музыка<br>Аптасына 2 сағ<br>1 айда 8 рет | -Музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу;<br>-Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану;<br>-Билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану;<br>-Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау. |

| | | |
|---|---|---|
| Наурыз | Музыка<br>Аптасына 2 сағ<br>1 айда 8 рет | -Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау;<br>-Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру;<br>-Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету;<br>-Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау. |
| Сәуір | Музыка<br>Аптасына 2 сағ<br>1 айда 8 рет | -музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту;<br>-Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау;<br>- Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту;<br>-Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау. |
| Мамыр | Музыка<br>Аптасына 2 сағ<br>1 айда 8 рет | -Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау;<br>-Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту;<br>-Билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау;<br>-Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау. |
| **Нормативтік жүктеме** | | **Барлығы 72 сағат** |

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

***Ұйымдастырылған іс-әрекет:*** *Музыка*

***Қыркүйек айы.***

| | | |
|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:*** | *«Біз көңілді қуыршақ» әні* | |
| ***Күні:*** *01.09.2022ж–06.09.2022ж* | *2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру)* | |
| ***ТОП:*** | ***Ересек топ*** | |
| ***Міндеттері*** | *Музыка тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Әнді қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. (ре-си бірінші октава шегінде). Ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру.* | |
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br>***II. Ұйымдастыру*** | *Музыка жетекшісі балаларды шаттық шеңберіне шақырып, Қуыршақпен таныстырады.*<br>***Ойын-жаттығу:*** *«Таныс болайық»*<br>*– Кәне, балалар, барлығымыз бірге есімімізді Қуыршаққа сыбырлап айтайықшы. Бір,екі,үш... **Қуыршақ:** Ой, естімедім... **Музыка жетекшісі**: Ендеше, қаттырақ дауыстап айтайық, екі-үш... **Қуыршақ**: Түк түсінбедім. **Музыка жетекшісі:** Енді не істесек екен? Иә, барлығымыз бір уақытта сөйлесек, естімей қалады екенбіз. Сондықтан бір,бірден, кезекпен сөйлеу керек. Балалардың қолына қуыршақты беру арқылы әрбір баладан өзінің атын айтып, үйде ата-анасы қалай еркелетін айтатынын сұрайды. Музыка жетекшісі қиналған балаларға көмектеседі.* | *Қуыршақ.* |
| ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Музыка тыңдау**: «Біз көңілді қуыршақ» Еспенбетова А*<br>***Ән айту:** «Біз көңілді қуыршақ» Еспенбетова А*<br>***«Біз көңілді қуыршақ» әні***<br>*1.Біз көңілді кештерде, Қуыршақпен билейміз.*<br>*Бірге күліп, бірге ойнап, жабырқауды білмейміз*<br>***Қайырмасы:***<br>*Топ, топ, топ, Біз көңілді қуыршақ?*<br>*Тықылдатып аяқты, бізге билеу оңай-ақ.*<br>*2.Көтеріп-ап қуыршақты, жүгіреміз айнала.*<br>*Біз достармыз тату-тәтт. Би билейміз қуана.*<br>*Аяқталды би енді, Қуыршақтар ұйзді.*<br>*Аяқталды би енді, Қуыршақтар ұйзді.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка

**Қыркүйек айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | *«Балабақша» әні* | |
| **Күні:**08.09.2022ж – 13.09.2022ж | 2 сағат | *(Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру)* |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | *Әнді иллюстрацияларды көрсету арқылы түсіндіру.Билеу барысында музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру.* | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Музыка залынакөңілді музыка әуеніменқарсылау.*<br>*«Балалар, біз таңертең балабақшаға келеміз», – дей отырып, балабақшаның суреттен таныстырады.*<br>*– Бізбалабақшада не істейміз? – Балабақшасендергеұнайма?*<br>*Сұрақарқылыбалалардыңжауапберуінемүмкіндікжасау.* | *Балабақшаның суреттері,аңдардың суреттері.* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** *«Балабақша» (Бота Бейсенова)*<br>*– Балалар, музыка көңілдіме, көңілсізбе? Бұлмузыкағақандайқимылжасауғаболады? Шығарманыңкөңілдімазмұныназмоциялықкөңілкүйтанытады.*<br>**Әнайту.** *«Балабақша» (Бота Бейсенова)*<br>*Әнайтукезіндеиықтыкөтермей, денетікұстапайтуғадағдыландыру. Алдыменмәтініңүйреніп, әуендіанықайтуғаүйрету. Әннің сипаты, мазмұнытуралытүсіндіру.* **Музыкалық-ырғақтыққозғалыстар:** *«Қуыршақ».*<br>*Би сипатынсезінеорындауғаүйрету. Музыка жетекшісінің көрсетуіменбиқимылдарынқайталауға, біргежасауғаүйрету.*<br>**Муз-дидактикалықойын**: *«Оларқалайжүреді?»*<br>**Ойын шарты:** *Балалар музыка ырғағымен шеңбер құрып жүреді. Жетекші аюдың суретін көрсетсе аюдың жүрісін, қоянды көрсетсе қоянның жүрісін, түлкіні көрсетсе түлкінің жүрісін салып жүреді. Жетекші бірте-бірте әуен ырғағына жылдамдық қосып отырады.* | |
| **IV. Рефлексия** | *Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Иілейік қане,біз!*<br>*Музыка жетекшісімен бірге қайталау.*<br>***Музыкалық – ырғақтық қимыл ойыны:*** *«Үш күн»*<br>*Әр балаға әуеннің көңіл күйін білдіретен үш түрлі (көңілді, көңілсіз, сабырлы) күндер беріледі.Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Балалар әуеннің көңіл күйіне сай күнді жоғары көтереді. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманы атын атайды.* | |
| ***IV. Рефлексия*** | *Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка*

**Қыркүйек айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Дос іздеген бота» ертегісі музыкалық театр арқылы | |
| **Күні:** 15.09.2022ж – 20.09.2022ж | **2 сағат** ( 2-ші бөлімінде әуенге сай қимылын көрсетуді, шапшаң қимылдауды үйретуді жалғастыру) | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | Музыканың сипатын жеткізе білуге және музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету. (ақырын, қатты,баяу,жылдам) Ертегі кейіпкерлерін рөлдерде ойнайды және серігімен әңгімелесу кезінде түрлі дауыс күшін қолданады. | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залынакөңілді музыка әуеніменқарсылау.<br>**Ойын: «Достық».** Музыка жетекшісі балаларды шаттық шеңберіне шақырады. Әркім өзінің досы және оның ерекшелігі туралы айтуын ұсынады.<br>«Дос іздеген бота» ертегісін естеріне түсіру және айтып беру.<br>- Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? - Кішкентай бота өзіне дос таба алды ма? - Ертегіде кездескен кейіпкерлердің дауысын салып көрейікші. | Театр қалпақтарын |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | Музыка жетекшісі «Дос іздеген бота» ертегісін музыкалық театр арқылы сахналайтындарын айтады. Балаларға театр қалпақтарын таратады. Сахнада өздерін еркін ұстап, бір-біріне достық сезіммен қарым-қатынас жасағандарын еске салады.<br>**Музыкалық – ырғақты қимыл ойыны:** «Жұптасу»<br>Шарты: Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді. Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қалулары қажет.<br>Жетекші әуен тоқтар алдында нешеуден жұптасу керегін айтып тұрады. (екі, үш, төрт) | |
| **IV. Рефлексия** | Балалар, бүгінгі театрдың қандай ерекшеліктері болды? Сендерге ұнады ма?<br>«Дос болайық бәріміз» әнін бірге айтып аяқтайық. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка

**Қыркүйек айы.**

| | |
|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Қол шатыр» биі |
| **Күні:** 22.09.2022ж – 27.09.2022ж | 2 сағат (Би элементтерін қайталау) |
| **ТОП:** | **Ересек топ** |
| **Міндеттері** | Жеңіл, ырғақпен қозғалу және әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету.<br>Кіріспеден кейін қимылдарды бастауға дағдыландыру. |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залынакөңілді музыка әуеніменқарсылау.<br>**Ойын-жаттығу:** «Көңіл күйіңмен бөліс»<br>Балалар, көңіл күйіміз жақсы болғанда, не істейміз? Менің көңіл күйім бүгін өте тамаша болып тұр. Осы көңіл күйіммен сендермен бөліскім келіп отыр. Шеңбер бойымен бір-бірімізге жақсы көңіл күйімізді жымию арқылы береміз (музыка жетекшісі жанындағы тұрған балаға жымиып қарайды, ал ол бала келесі жанындағы тұрған балаға жымиып қарайды, солай жалғаса береді) | Қол шатырлар |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**: Үнтаспада «жаңбыр» дыбысы естіліп, музыка жетекшісі балаларға кішкентай қолшатыр үлестіреді.<br>Қолшатырды ашайық,<br>Жаңбырдан біз қашайық! **«Қолшатырлар биі»**.<br>Әуен ырғағына сай би қимылдарын көрсетеді, қайталатады.<br>**«Күн мен жаңбыр»** (Музыкалық-дидактикалық ойындар жинағынан). Шығарманың әртүрлі сипатын ажыратуға, көңіл күйін сезіне білуге баулу. | |
| **IV. Рефлексия** | Қолшатыр не үшін қажет? – Тамшылардың дыбысы қандай? Балаларды мадақтау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка

**Қазан айы.**

| | |
|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | *«Көкіністер достығы» ертегісі* |
| **Күні:** 29.09.2022ж – 04.10.2022ж | 2 сағат ( 2-ші бөлімінде әуенге сай қимылын көрсетуді, шапшаң қимылдауды үйретуді жалғастыру) |
| **ТОП:** | **Ересек топ** |
| **Міндеттері** | Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.Музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдауға баулу.Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындай алады. |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залынакөңілді музыка әуеніменқарсылау.<br>**Жылулық шеңбері:** «Күзге алғыс айтайық»<br>Музыка жетекшісі балалардың назарын ортада тұрған себетке аударып, оны Алтын күздің сыйымен толтыруды ұсынады.<br>**Ұсыныс:** Музыка жетекшісіәр уақытта балалардың анықтауыш сөздерді қосып отыруды қадағалайды. (Мысалы: қайырымды, жылы, қызыл, сары, дәмді, ,тәтті қызынақ үшін саған рахмет!) | Ертегі кейіпкерлерінің бетперделері, Жемістер мен көкіністедің муляждары. |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | Музыка жетекшісі балаларға ертегі тыңдауды ұсынады.<br>**Ертегі тыңдау**: «Көкіністер достығы»<br>**Сахналау:** «Көкіністер достығы»<br>Балалар музыка жетекшісінің көмегімен музыка әуеніне сай «Көкіністер достығы» ертегісін рөлдерге бөліп сахналайды.<br>**«Жемістер мен көкіністер» ойыны**<br>Шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көконістердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады. | |
| **IV. Рефлексия** | «Көкіністер достығы» ертегісінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы.**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** МузыкаҚазан **айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Сазсырнай» аспабы | |
| **Күні:** 06.10.2022ж – 11.10.2022ж | 2 сағат | (Музыкалық аспапты ажырату және бірге қосылып ән айтуды жалғастыру) |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | Аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сазсырнайдың дыбыстау динамикасын есте сақтауға, ажырата білуге үйрету. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**ІІ. Ұйымдастыру** | Музыка залынакөңілді музыка әуенiменқарсылау.<br>**«Миға шабуыл»** әдісі. Жұмбақ шешу:<br>Тілі бар түймелі.<br>Кеңірдегі кернеген,<br>Ән мен күй кені.(Сазсырнай)<br>Сазсырнайды көрсетіп, Сазсырнай туралы мәлімет беру. Шулы аспаптарға жатады. | Слайд: музыкалық аспаптар. |
| **ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** | Музыка тыңдау: « Сазсырнай». Qazaq_instruments.<br>Аспапта орындалған әуенді мұқият тыңдап, есте сақтауға, сипатын ажыратуға үйрету.<br>Ән айту: «Сазсырнай»Балалар әлемі.<br>Әннің сипатын түсіндіріп, аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді айтуға үйрету.<br>**«Не артық?» ойыны**<br>**Шарты:** Балаларға слайдтан бірнеше музыкалық аспаптардың және бір сөмкенің суреті көрсетіледі. Балалар «не артық? » Деген сұраққа жауап іздеп сөмке артық екенін тауып айтады. Ойын әртүрлі суреттермен бірнеше рет қайталанады.<br>**Музыкалық – ырғақтық қозғалыс ойын**: «Екпін түрлері»<br>Балалардың қолына сары және көк түсті жалаушалар беріледі. Жетекші марш екпініндегі әуен ойнағанда балалар сары түсті көтеріп марш екпінінде жүреді, ал вальс екпініндегі әуен ойналғанда көк түсті көтеріп, жұптасып билейді. | |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау жұлдызшалар арқылы.<br>Алдағы уақытта қандай аспап түрлерімен таныстыларың келеді? (бала үні) | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка

**Қазан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Достық жыры» әні | |
| **Күні:** 13.10.2022ж – 18.10.2022ж | 2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру) | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br><br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залынакөңілді музыка әуеніменқарсылау.<br>Музыка жетекшісі: «Достық» туралы өлең жолдарын оқиды.<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз,<br>Қашан да, қайда да<br>Сенімді боламыз.<br>Балдырған балалар<br>Достықты бағалар.<br>- Өлеңде не туралыайтылды? - Достарқандай болу керек? | Түрлі түске боялған шеңберлер |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Достық жыры» Balapan TV арнасынан<br>**Ән айту**:«Достық жыры» (Мұнайдар Балмолда, Думан Байтлеуов)<br>Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу.<br>**Музыкалық – ырғақтық қимыл ойыны**: «Түрлі – түсті шеңберлер»<br>Шарты: Зал ортасына әр түрлі түске боялған шеңберлер қойылады.<br>Қызыл түс марш, жасыл түс вальс, сары түс көңілді би, көк түс ұлттық би. Әуен қосылғанда балалар қай шеңберде билеу керегін тауып тез барып билеуі қажет. | |
| **IV. Рефлексия** | Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка
**Қазан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Ойыншықтар» әні | |
| **Күні:** 20.10.2022ж – 27.10.2022ж | 2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҮІӘ-те жалғастыру) | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету.Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**ІІ. Ұйымдастыру** | Музыка залынакөңілді музыка әуеніменқарсылау.<br>**«Сиқырлы сандық»** ойыны.<br>Шарты: сандық ішінен ойыншықтарды бір-бірден шығарып, оларды сипаттайды, олармен қалай ойнайтындарын әңгімелейді. | Ойыншықтар |
| **ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Ойыншықтыр» (Н.Әлімқұлов, И.Нүсіпбаев)<br>– Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.<br>**Ән айту:**«Ойыншықтыр» (Н.Әлімқұлов, И.Нүсіпбаев)<br>Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің сипаты, мазмұны туралы түсіндіру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**: «Қуыршақ» биі.<br>Би сипатын сезіне орындауға үйрету. Жетекшінің көрсетуімен би қимылдарын қайталауға, бірге жасауға үйрету. | |
| **IV. Рефлексия** | Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

***Ұйымдастырылған іс-әрекет:*** *Музыка*

***Қараша айы.***

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:*** | *«Алтын күз» әні* | | |
| ***Күні:*** *01.11.2022ж – 03.11.2022ж* | *2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру)* | | |
| ***ТОП:*** | ***Ересек топ*** | | |
| ***Міндеттері*** | *Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға қалыптастыру.Әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтауға үйрету.* | | |
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы*** | | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** | |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br>***II. Ұйымдастыру*** | *Музыка залынакөңілді музыка әуеніменқарсылау.*<br>***Психологиялық дайындық:*** *Құлаққа жағымды әсем әуен қойылады, балалардың көздерін жұмдырып, көз алдарына керемет жаздың шуақты күнінде шалғында жүргендерін елестету. – Балалар көздеріңді жұмып, жеңіл әрі терең дем алыңдар. Ауада баяу қалықтап жүргендеріңді сезініп, рахаттаныңдар. Ал енді өздерің ұшып жүрген жерлеріңнен төмендегі гүлдерге қонып, сол гүлдердің иісін сезіңіңдер. Қане, гүлдерді иіскейікші, ішімізге демді тартайық. Гүлдің жұпар иісімен дем алыңдар! Енді көздеріңді ашыңдар. Алған әсерлерімен бөлісу.* | *Жасыл және сары түсті жапырақтар.* | |
| ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***«Кім жылдам?»*** *дидактикалық ойыны. Шашылып жатқан жапырақтарды түсіне қарай жинайды. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйретеді. Кім көп, тез жинаса, сол бала жеңімпаз атанады.*<br>***Музыка тыңдау:*** *«Алтын күз» Бота Бейсенова*<br>***Ән айту:*** *«Алтын күз» Бота Бейсенова*<br>*Әнді қайталап айтып, балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды.*<br>***Ойын «Жел мен жапырақ»***<br>***Шарты:*** *Ортаға үш немесе төрт ағаштың суреті қойылады. Балалар жапырақ бейнесіне еніп ағаштарға бөлініп, шеңбер болып қоршап тұрады. Баяу әуен қосылған сәтте өз ағаштарын айналып қолдарымен қимылдар жасап жүреді. Көңілді әуен қосылғанда қол ұстасып секіріп аяқпен қимылдар жасайды, қатты желдің дауысы естілгенде қолдарын жіберіп жан-жаққа ұшып кетеді. Ойынбірнешеретқайталанады.* | | |
| ***IV. Рефлексия*** | *Бағалау: смайликтер арқылы* | | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка*
**Қараша айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Жаңбыр»әні | |
| **Күні:** 08.11.2022ж – 10.11.2022ж | 2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру) | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | Металлофон аспабымен қарапайым әуендерді ойнау. Шеңбер бойымен ән айтып жүруге үйрету. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залынакөңілді музыка әуенімен қарсылау.<br>Балаларды әңгімеге тартады:<br>-Балалар, сендер жаңбырлы ауа райын жақсы көресіңдер ме? Неге? Қолшатыр бізге не үшін қажет? Ауа райына сай киініп, шалшық суды кешіп ойнасақ қызықты бола ма?<br>Сөздерді музыка жетекшісінің соңынан қайталайды: құйып жауатын нөсер, сіркіреген жаңбыр; ұсақ және өткінші, суық және жылы жаңбыр. | Қолшатырлар |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Жаңбыр» әні (Ақпабат Айтуова)<br>Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны мұқият тыңдап, есте сақтауға, сипатын ажыратуға үйрету<br>**Ән айту:** «Жаңбыр» әні(Ақпабат Айтуова)<br>Әннің сипатын түсіндіріп, бірге қосыла орындауға үйрету. Әннің мазмұны туралы түсінік беру. Әнді металлофон аспабында орындауға көмектесу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Үнтаспада «жаңбыр» дыбысы естіліп, Музыка жетекшісі балаларға кішкентай қолшатыр үлестіреді. Қолшатырды ашайық, Жаңбырдан біз қашайық!<br>«Қолшатырлар биі». Әуен ырғағына сай би қимылдарын көрсетеді, қайталатады.<br>**«Аспапты үнінен тап» ойыны**<br>**Шарты:**Балалар шеңбер бойымен отырады. Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жіберіп, ойын шартын түсіндіреді.<br>Шымылдықтың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Шеңбер бойымен отырған балалар аспапты үнінен танып, атауы тиіс. | |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: «Ұш шапалақ» әдісі | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка**Қараша айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | *«Көңілді аңдар» би* | |
| **Күні:** *15.11.2022ж – 17.11.2022ж* | *2 сағат* | *( 2-ші бөлімінде әуенге сай қимылын көрсетуді, шапшаң қимылдауды үйретуді жалғастыру)* |
| **ТОП:** | ***Ересек топ*** | |
| ***Міндеттері*** | *Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету.Би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасай алады.* | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br><br>***II. Ұйымдастыру*** | *Музыка залынакөңілді музыка әуеніменқарсылау.*<br>***«Миға шабуыл»*** *әдісі: Жұмбақ шешу:*<br>*Балаларды жұмбақты шешіп, жануардың суретін табуды (немесе ойыншықты) табуды ұсынады.*<br>*Жазда сұр, қыста ақ. (Қоян)*<br>*Өзі шырақ, өзі қу.*<br>*Жүрген жері айқай-шу. (Түлкі)*<br>*Жеміс-жидек жегенім,*<br>*Балды жақсы көремін.(Аю)* | *Аңдардың суреті, құлақшап* |
| ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | *- Менің қолымдағы әдемі қорапшаны көрдіңдер ме, қарайықшы, оның ішінде не бар екен? - Мына кереметті қараңдар. Айару бізге қоянның, түлкі мен аюдың киімдерін жіберіпті. Ендеше, ертегі кейіпкерлеріне айналып, олардың қимыл-әрекеттерін салып көрейік.*<br>***Ойын: «Олар қалай жүреді?»***<br>*Шарты:Балалар музыка ырғағымен шеңбер құрып жүреді. Жетекші аюдың суретін көрсетсе аюдың жүрісін, қоянды көрсетсе қоянның жүрісін, түлкіні көрсетсе түлкінің жүрісін салып жүреді. Жетекші бірте-бірте әуен ырғағына жылдамдық қосып отырады.Балалар түлкі жылмаңдап болып жүреді, қоян болып секіреді, аюдың қорбаңдаған жүрісін салады.*<br>***«Аңдар» би. Bilimland Kids***<br>*Жетекшінің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасай алады.*<br>***«Тыңдап таны» ойыны***<br>*Шарты: Балаларға өткен әндердің кіріспе бөлімдері тыңдатылады. Балалар қандай ән екенін тауып атауын айтады. Ойын арқылы балалардың есте сақтау қабілеттері бақылады.* | |
| ***IV. Рефлексия*** | Бағалау «Бас бармақ» әдісі | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка

**Қараша айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | Аспаптар | |
| **Күні:** 22.11.2022ж – 24.11.2022ж | 2 сағат | (Музыкалық аспаптарды тану және атауды жалғастыру) |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | Музыкалық аспаптарды тану және атау. (ағаш қасық, сылдырмақ, асатаяқ, домбыра, сазсырнай, барбан, металлофон) | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залынакөңілді музыка әуеніменқарсылау.<br>Музыка жетекшісі қолына сылдырмақ алып балалармен бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды.<br>Қолымызда сылдырмақ,<br>Сылдыр-сылдыр етеді.<br>Аяғымыз топылдап,<br>Өзі билеп кетеді.<br>Музыка жетекшісі балаларға «Музыкалық аспаптар» дүкеніне баратындығы туралы айтады.Балалар қуанады. | Алдын-ала дайындалған «Музыкалық аспаптар» дүкені |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан).<br>Музыкалық аспаптармен танысу және дауыстарын ажырату.<br>Balapan TV арнасынан сәби: «Аспаптар» қарату.<br>**Музыкалық – ырғақтық қимылды ойын**: «Барабан не дейді?»<br>Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Жетекші барабан аспабында ойнайды. Марш екпіні ойналғанда балалар марш жасап әрі-бері жүре бастайды, өте шапшаң жеңіл ырғақ соғыла басталғанда балалар жеңіл жүгіреді, бір рет қатты соғылғанда қатып қалады. Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?» деген сұрақ қойылып тұрады. | |
| **IV. Рефлексия** | – Дүкендеқандайаспаптар бар екен? Балалардыңәрекеттерітуралыайтып, мадақтау. Қоштасып, көңілдішығарыпсалады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка*

***Желтоқсан айы.***

| | | |
|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:*** | *«Ақ қоян» әні* | |
| ***Күні:*** *29.11.2022ж – 01.12.2022ж* | *2 сағат* *(Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру)* | |
| ***ТОП:*** | ***Ересек топ*** | |
| ***Міндеттері*** | *Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету.Атрибуттармен би қимылдарын орындауға дағдыландыру.* | |
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br>***II. Ұйымдастыру*** | *Музыка залынакөңілді музыка әуенімеңқарсылау.*<br>*Музыка жетекшісі қолына «**сиқырлы таяқшаны**» алып, әр баланы түрлі ертегі кейіпкеріне айналдырады. Балалар ертегі кейіпкерлеріне айналып, музыка әуенімен олардың қимыл-әрекеттерін салады. Балалар түлкі жылмаңдап болып жүреді, қоян болып секіреді, аюдың қорбаңдаған жүрісін салады.* | *Қоян ойыншықтар* |
| ***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Ақ қоян» (Зерек Ботақан)*<br>*Әннің мәтінін түсіндіріп, сипаты туралы әңгімелеу.*<br>***Ән айту:***«*Ақ қоян» (Зерек Ботақан)*<br>*Әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды.*<br>***Ойын: «Кел, билейік».*** *Балаларға кішкентай қояндар таратылады, педагогте үлкен қоян болады. Қояндарғабиқимылдарынүйретіп, қимылдардыбіруақыттақайталаудытапсырады.* | |
| ***IV. Рефлексия*** | *Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі*<br>*Рефлексия: ойын, ән сендерге ұнады ма?* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Желтоқсан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | *«Тәуелсіздік ұраны» әні* | |
| **Күні:** *06.12.2022ж – 08.12.2022ж* | *2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру)* | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | *Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу (жетекшінің көмегімен). Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.* | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Музыка залынакөңілді музыка әуеніменқарсылау.*<br>*Балалар қима суреттерден Астана қаласының ғимараттарын құрастырады.*<br>*Музыка жетекшісінің жетекшілігімен ойын* **«Ойланып жауап бер»**<br>*«Жуан және жіңішке сұрақтар» әдісі*<br>- *Біз қай елде тұрамыз?*<br>- *ҚР бас қаласы қай қала?*<br>- *Ол неге Астан қаласы деп аталады?*<br>- *Еліміздің тұңғыш Президенті кім?*<br>- *Еліміздің қазіргі Президенті кім?*<br>- *Астана қаласында қандай әдемі ғимараттар бар? т.с.с.* | *Слайд:музыкалық аспаптар.*<br>*Қима суреттер Астана қаласының ғимараттарының* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау**: *«Тәуелсіздік ұраны» (Гүлзия Майдабековна)*<br>*Әнді тыңдап, сипатына, екпініне мән беруге, мазмұнын түсінуге үйрету. Эмоциялық көңіл күйлерін, қызығушылықтарын ояту.*<br>**Ән айту:** *«Тәуелсіздік ұраны» (Гүлзия Майдабековна)*<br>*Әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Әнді домбыра аспабының сүйемелдеуімен орындауға үйрету.*<br>**«Соқыр теке» ойыны**<br>**Шарты:***Слайдтан балаларға қатар-қатар тізілген бірнеше музыкалық аспаптардың суреттері көрсетіледі. Балалар мұқият қызыға қарап отырды. Жетекші «соқыр теке» деген кезде балалар көздерін алақандарымен жауып қалады. Сол сәтті пайдаланып, бір аспаптың суретін жоқ қылып жібереді. Балалар көздерін ашқан сәтте жоғалып кеткен аспапты атап, ойналуын көрсетеді.*<br>**Музыкалық – ырғақтық қозғалыс:** *«Көкпар» биі.*<br>*Ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін көрсетіп, билеуге үйрету.* | |
| **IV. Рефлексия** | *Бағалау «Үш шапалақ» әдісі* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка
**Желтоқсан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Шыршаға бардық» әні | |
| **Күні:** 13.12.2022ж – 15.12.2022ж | 2 сағат | (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру) |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | Аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруге үйрету. | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.<br>**«Идеялар себеті» әдісі**<br>Шарты: балалар суретті таңдап шырша, Жаңа жыл тақырыбында өз білгендерімен бөліседі. (мысалы ойыншықтар суреті- шыршаны ойыншықтармен безендіреміз. Аяз ата – Жаңа жылда Аяз ата келеді, іне – шыршаның әшекейі бар, т.с.с.) | Шырша, шырша ойыншықтары және аяз атаның суреттері. |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау**: «Шыршаға бардық» (А.Асанов,А.Әбдірахман)<br>Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ән айту:** «Шыршаға бардық» (А.Асанов,А.Әбдірахман)<br>Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Аққшақарлар» биі («Вальс» П. Чайковский)<br>Педагогтің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін үйретуді жалғастыру.<br>**«Қар лақтыру» ойыны** («Балалар полькасы» А. Жилинский) Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағанда шапшаңдықпен «қарларды» жинау, безендірілген қораппаларға салу. | |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: жұлдызшалар арқылы.<br>- балалар, сендерге бүгінгі ҰІӘ ұнадыма?<br>Неліктен ұнады? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Желтоқсан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Қыс» әні | |
| **Күні:** 20.12.2022ж – 22.12.2022ж | 2 сағат (Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру) | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | Жоғары дыбыстарды ажырату (секста ,септима шегінде жоғары, төмен). Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.<br>**«Дыбыстар»** аудио әдісі<br>Қыс мезгіліндегі боран, сықырлаған қар дыбыстарын тыңдау,атау<br>**«Миға шабуыл»** әдісі<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық. (қар) | Дыбыстар, сиқырлы текше. |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау**: «Қыс» (Әли мен Айя. Balapan TV)<br>Әннің мазмұнын түсініп, әңгімелеп беруге үйрету. Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.<br>**Ән айту: «Қыс» (Абай Сарсет)**<br>Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету.<br>**«Сиқырлытекше» ойыны.**<br>**Шарты:**Көңілді әуен ойналады.Жетекші және балалар шеңберге тұрады.<br>Текшені бір біріне беріп, тақпақ айтады.<br>– Біз көңілді баламыз,<br>– Әсем әнге саламыз.<br>– Ойын ойнап бастаймыз,<br>– Қиындықтан қашпаймыз.<br>Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Жетекші текшеде қандай аспап екенін балалардан сұрайды.Егер текшеде барабан аспабының суреті болса, ол бала барабан аспабынада қалай ойнау керегін көрсетуі тиіс. |  |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: «Бас бармақ» әдісі<br>Рефлексия: балалар күлегештер суретін таңдау арқылы ҰІӘ туралы өз ойларын білдіреді | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Қаңтар айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | Жоғары,төмен дыбыстар | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | -Музыканы тыңдай отырып жоғарғы дыбыстарды (секста, септима шегінде) ажырата білу. | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Балаларды саз бөлмесінде көңілді әуенмен қарсы алу.<br>Педагог жетекшілігімен ойын «Суреттер визиткасы»<br>«Мен саған,сен маған» әдісі<br>Шарты: балалар жұпқа бөлініп, бір-біріне қарсы тұрып суреттегі аспаптардың атын атамай сипаттайды, жұбы тауып атауы қажет. | Аспаптар |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:**Үнтаспадан музыкаларды тыңдап, оның көңіл күйін ажыратып беруді тапсырады. Балалар музыканы тыңдайды, әуендерді дұрыс ажыратады, біріншісі - жоғары әуен, екіншісі - төмен әуен.<br>**Ән айту:** «Қыс» (Абай Сәрсет)<br>Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету.<br>**«Аспапты үнінен тап» ойыны**<br>Шарты: Балалар шеңбер бойымен отырады. Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жіберіп, ойын шартын түсіндіреді.Шымылдықтың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Шеңбер бойымен отырған балалар аспапты үнінен танып, атауы тиіс.<br>**«Үш күн» ойыны**<br>Шарты:Әр балаға әуеннің көңіл күйін білдіретін үш түрлі (көңілді, көңілсіз, сабырлы) күндер беріледі. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Балалар әуеннің көңіл күйіне сай күнді жоғары көтереді. Егер де баламузыкалықшығарматанысболса, ол бала шығарманыатынатайды.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**: «Ақшақарлар» биі<br>Балалар «ақшақарлар» – қар әшекейлерін ұстап, жетекшінің көрсетуімен мәнерлі би қимылдарын жасайды. | үш түрлі (көңілді, көңілсіз, сабырлы) күн |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі<br>Балалар «күн» , «бұлт» суреттерін таңдау арқылы өз көңіл-күйлерін білдреді. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Қаңтар айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | *«Тұлпарым» әні* | |
| **Күні:** | *2 сағат* | |
| **ТОП:** | ***Ересек топ*** | |
| **Міндеттері** | *-Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен)* | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Балаларды саз бөлмесінде көңілді әуенмен қарсы алу.*<br>***Ғажайып сәт.*** *Музыка жетекшісі бүгін балабақшаға келе жатып сандық тауып алғанын айтады.Сандықты ашып көру үшін сиқырлы сөздер айтайық.*<br>*Ақ сандығым, ашыл!*<br>*Ішінен жібек шашыл! -Педагог сандықтың ішінен әртүрлі музыкалық аспаптар алып көрсетеді, оларда ойнап көруді ұсынады.* | *Аспатар* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | ***Музыка тыңдау***: *«Тұлпарым» (Б.Бейсенова)*<br>*Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады*<br>***Ән айту:*** *«Тұлпарым» (Б.Бейсенова)*<br>*Әнге қатысты аспаптарды қолданып, музыка жетекшісімен бірге әнді айтады.*<br>*Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің сипаты, мазмұны туралы түсіндіру. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰІӘ-те жалғастыру.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар***: *«Ағаш қасықтармен» би*<br>*Би сипатын сезіне орындауға үйрету. Педагогтердің көрсетуімен би қимылдарын қайталауға, бірге жасауға үйрету.*<br>***«Аспаптарды топтастыр» ойыны.***<br>*Балалар екі топқа бөлініп, аспаптарды алдымен ойналуына қарай, кейін жасалуына қарай топтастырады.*<br>*Мысалы: ойналуына қарай соқпалы аспаптар, үрмелі аспаптар, шертпелі аспаптар.*<br>*Жасалуына қарай: ағаштан жасалған, ішекті аспаптар, қаңылтырлары бар аспаптар т.б.* | |
| **IV. Рефлексия** | *Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі*<br>*Ағаш қасықтармен билеген би ұнады ма?*<br>*Алдағы уақытта қандай би билегілерің келеді?* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Қаңтар айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | Кел, билейік | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | -Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау; | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Балаларды көңілді қарсы алады.<br>Музыка жетекшісі: Әшекейлер әдемі,<br>Бірге тербеледі.Қолымызда жарқырап,<br>Сәнге бөленеді. «Түсті шашақпен би»<br>Жеткшінің көрсетуімен би қайталанады. Шашақтарды дұрыс ұстап, би қимылдарын еске түсіріп, әуен ырғағымен билеуге үйрету. | Шашақтар.<br>Сары және көк түсті жалаушалар |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Кел, билейік»(«Билеп үйренейік» жинағынан). Балалардың жұптасып тұруларын, би қимылдарын ырғақпен сезіне, музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету.<br>Шығарманың 1-бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-бөлімде оң және сол аяқ өкшелерін кезек алға қою қимылдары қайталанады.<br>**«Пойыз» ән-ойыны**<br>Пойызға біз барайық,<br>Отырыпорыналайық! Ал паровоз бастайды,<br>Ән айтып біз қостайық!<br>Пыш-пыш, пух-пух! Балалар вагондар құрып, тізбектеле тұрады. Паровоз-бастаушы тағайындалып, оған ысқырық беріледі. Балалар-«вагондар» әуен ырғағымен аяқтарын топылдата жүреді. Әуен тоқтағанда, паровоз «тшшш!» деген дыбыс беріп, «вагондар» тоқтайды. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**«Екпін түрлері» ойыны**<br>Шарты:Балалардың қолына сары және көк түсті жалаушалар беріледі. Жетекші марш екпініндегі әуен ойнағанда балалар сары түсті көтеріп марш екпінінде жүреді, ал вальс екпініндегі әуен ойналғанда көк түсті көтеріп, жұптасып билейді. | |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: жүрекшелер арқылы.<br>Рефлексия: сендерге қай ойын ұнады?Неліктен? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Қаңтар айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | *Барабан, металлофон* | |
| **Күні:** | *2 сағат* | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | *-Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.* | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Балаларды саз бөлмесінде көңілді әуенмен қарсы алу.*<br>*Педагог жетекшілігімен ойын* **«Суреттер визиткасы»**<br>*«Мен саған,сен маған» әдісі*<br>*Шарты: балалар жұпқа бөлініп, бір-біріне қарсы тұрып суреттегі аспаптардың атын атамай сипаттайды, жұбы тауып атауы қажет.* | *Аспаптардың суреті, аспапатар.* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:***Таныс әндерді тыңдату.*<br>**Ән айту:***Таныс әндерді еске түсіру,барабан және металлофон аспабында әуендерді ойнауға көмектесу.*<br>**«Қай аспап ұнайды?»**<br>*Шарты: Балалар өздеріне ұнайтын аспапты таңдап алып, музыка жетекшісінің берген ырғағын қайталайды. Мысалы: жәй ойнайтын жеріне жәй, тез ойнайтын жерінде тез мимикалық қимылдармен көрсетеді.*<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Жұптасу»**<br>*Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді. Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қалулары қажет.Жетекші әуен тоқтар алдында нешеуден жұптасу керегін айтып тұрады. (екі, үш, төрт)*<br>**«Бізге келген қонақтар» ойыны**<br>*Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып,аюың немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады. Аю келсе- барабан аспабы, қоян келсе- металафон аспабы, торғай келсе- сылдырмақ, бубен аспаптары соғылады.* | |
| **IV. Рефлексия** | *Бағалау «Үш шапалақ» әдісі*<br>*Балалар бас бармақ суреттерін жоғары көтеру немес түсіру арқылы ойындардың ұнаған ұнамағанын айтып өз ойларымен бөліседі.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Ақпан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Аққала» әні | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | Музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу; | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Саз бөлмесінде көңілді әуенмен балаларды қарсы алады.<br>**Психологиялықсәт. «Комплимент»** ойыныңұйымдастыру<br>Педагог балаларға шеңберге тұрып, жанында тұрған баланың атын атап, комплимент айту керектігін түсіндіреді.Балалар шеңберге тұрып, жанында тұрған баланың атын атап, комплимент айтады, мақтайды, ерекшеліктерін айтады.<br>- Айжан, сен әдемісің,-Арман, сен алғырсың. Балаларқызығушылықтанытады. | «Қыс қызығы» тақырыбында суреттер. |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **«Дыбыстар»** аудио әдісі<br>Қыс мезгіліндегі боран, сықырлаған қар дыбыстарын тыңдау,атау. «Қыс қызығы» суреттер қарау.<br>**Музыка тыңдау**: «Аққала» (Әли мен Айя. Balapan.TV)<br>Әннің мазмұнын түсініп, әңгімелеп беруге үйрету. Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.<br>**Ән айту:** «Аққала» (Әли мен Айя. Balapan.TV)<br>Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету.<br>**Музыкалық – ырғақтық қозғалыс:** «Түрлі-түсті шеңберлер»<br>Шарты: Зал ортасына әр түрлі түске боялған шеңберлер қойылады.<br>Қызыл түс марш, жасыл түс вальс, сары түс көңілді би, көк түс ұлттық би. Әуен қосылғанда балалар қай шеңберде билеу керегін тауып тез барып билеуі қажет.<br>**«Қар астындағы қызықтар» ойыны**<br>Шарты: музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған қар кесектері тасталынады. Балалар әуен ырғағымен қардан-қарға секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай қардың үстінде тоқтайды сол қарды алып артында жасырынған «Қыс қызығы» суретін әңгімелеу, өз ойын айту қажет. | |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі<br>-Балалар, сендерге қай ойын ұнады?Неліктен? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Ақпан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:*** | *«Үй жануарлары» қимыл-қозғалыс әні* | |
| ***Күні:*** | *2 сағат* | |
| ***ТОП:*** | ***Ересек топ*** | |
| ***Міндеттері*** | *-Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану;* | |
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br><br>***ІІ. Ұйымдастыру*** | *Саз бөлмесінде көңілді әуенмен балаларды қарсы алады.*<br>***Ойын-жаттығу: «Сиқырлы текше».***<br>*Текше қырларында әртүрлі көңіл күй бейнеленген смайликтер жапсырылған. Бір бала ортаға шығып, «Айнал, дөңгелен, бір қабырғаңа жат!» деп айтып, текшені ортаға лақтырады. Балалар текшенің бетіндегі суретке қарап, көңіл күйді салып береді, ортаға шыққан бала көңіл күйге сәйкес эмоциямен өзі білетін бір таныс әнді айтып беруі керек.* | *Үй жануарларының суреттері* |
| ***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Музыка тыңдау:*** *«Үй жануарлары» әні (Әли мен Айя. Balapan.TV)*<br>*Әннің мазмұнын түсініп, әңгімелеп беруге үйрету. Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта алады.*<br>***Ән айту:*** *«Үй жануарлары»әні.*<br>*Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету. Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдыландыру.*<br>***Музыкалық – ырғақтық қозғалыс:*** *«Төлдердің анасын тап» ойыны*<br>*(Муз-дидактикалық ойындар жинағынан).*<br>*Үй жануарларының қимыл-қозғалысын, дыбыстауын көрсету.*<br>*Суретке қарап, «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, текшедегі төлдің суретін енесінің суретінің қасына тауып қою. Мысалы: Қара көзі мөлдіреп,*<br>*Жібек жүні үлбіреп, Анасын іздеп келеді. Бұл не? Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салып береді.*<br>***Саусақ ойын*** *«Кім қалай әндетеді?»*<br>***Еркін ойын*** *«Үлкендер мен кішілер»*<br>*Балалар үй жануарлары мен төлдерінің бетпердeлерін таңдап, музыка әуенімен алаңда «жайылып» жүреді. Музыка тоқтағанда төлдер аналарының жанына барып тұрады.* | |
| ***IV. Рефлексия*** | *– Қандай төлдер бар екен? – Олар қалай дыбыстайды? Қалайжүредіекен?* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Ақпан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Көкпар» биі | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | -Билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану; | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Саз бөлмесінде көңілді әуенмен балаларды қарсы алады.<br>**«Сиқырлы көзәйнек» жаттығуы**<br>-Қазір мен сендерді «Сиқырлы көзәйнек» ойынын ойнауға шақырамын. Бізде сиқырлы көзәйнек бар, ол досыңның ең жақсы қасиетін көруге көмектеседі. Міне ол, қараңдаршы. Мен бірінші болып киіп көрейінші. – Сиқырлы көзәйнек Айымның досына ойыншықтарын жинауға әрқашан көмектесетінін айтты. Ал енді Шапағат достарының жақсы қасиеттерін көргісі келіп тұр.<br>-Балалар, сендер достарыңның жақсы қасиеттерін айта білдіңдер. Енді сендер туралы басқа балалар не ойлайды екен, соны тыңдайық. | Көзәйнек қамшылар |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **«Көкпар»** биінің қимылдары ( слайд көрсетіледі)<br>**Музыкалық- ырғақтық қозғалыс: «Көкпар»** биі<br>Музыка жетекшісі балаларға бидің қимылын көрсетін үйретеді.<br>1.Әннің басталуымен, балалар қамшыны алып қатарға тұрып, дайындалады. Қыздар төрде қолдарын бүлғап, би ырғақтарымен қимылдарды жасайды.Музыканы жылдам «серпімелі» ырғағы басталғанда, ұлдар қамшыларын сермеп шауып, залды айналып келіп ортаға орналасады, қамшыны жоғары көтеріп, көрермендерге қарап тұрады.<br>2.Негізгі шумақ басталғанда, ұлдар солға қарай оң аяқ тізесін бүгіп отырады. Қыздар оң аяқтарын тізесін солға қарай бұрып, қолдарын алға созып білезіктерін түйістіреді.<br>3.Түзу тұрып, қамшыны жоғары көтереді, қыздар орындарында тұрып, қолдарын екі жанына жаяды.<br>4. Оңға қарай бұрылып, тізе бүгіп еңкейіп отырады. Қыздар оңға қарай тізелерімен бұрылып бүгіп, қол білезіктерін түйістіреді. 5Бәрі түзу тұрады.<br>**Ойын:** «Кім жылдам»<br>**Шарты**: Допты лақтыру арқылы балалардан ұлттық ойындарды сұрайды. | |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: «Үш шапалақ» әдіс | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Ақпан айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | *Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптары* | |
| **Күні:** | *2 сағат* | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | *-Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.* | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**ІІ. Ұйымдастыру** | *Музыка залына көңілді музыка әуеніменқарсылау.*<br>***«Қар астындағы қызықтар» ойыны***<br>*Шарты:музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған қар кесектері тасталынады. Балалар әуен ырғағымен қардан-қарға секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай қардың үстінде тоқтайды сол қарды алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет.* | *Слайд: музыкалық аспаптар.* |
| **ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** *«Тұлпарым» Бота Бейсенова*<br>*Аспапта орындалған әуенді мұқият тыңдап, есте сақтауға, сипатын ажыратуға үйрету.*<br>**Ән айту:** *«Сазсырнай» Балалар әлемі.*<br>*Әннің сипатын түсіндіріп, аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді айтуға үйрету.*<br>***«Не артық?» ойыны***<br>**Шарты:** *Балаларға слайдтан бірнеше музыкалық аспаптардың және бір сөмкенің суреті көрсетіледі. Балалар «не артық?» Деген сұраққа жауап іздеп сөмке артық екенін тауып айтады. Ойын әртүрлі суреттермен бірнеше рет қайталанады.*<br>**Музыкалық – ырғақтық қозғалыс ойын**: *«Екпін түрлері»*<br>*Балалардың қолына сары және көк түсті жалаушалар беріледі. Жетекші марш екпініндегі әуен ойнағанда балалар сары түсті көтеріп марш екпінінде жүреді, ал вальс екпініндегі әуен ойналғанда көк түсті көтеріп, жұптасып билейді.* | |
| **ІV. Рефлексия** | *Бағалау жұлдызшалар арқылы.*<br>*Алдағы уақытта қандай аспап түрлерімен танысқыларың келеді? (бала үні)* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Наурыз айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | Домбыра | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау; | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.<br>**«Миға шабуыл»** әдісі<br>Боз арғымақ, аузы жоқ,<br>Мұрны жоқ - екі құлақ,<br>Белінде белбеуі бар бунақ-бунақ.<br>"Шу" деп, саусақпенен шертіп қалсаң,<br>Шабады жүйрік әуен тулап-тулап. (Домбыра)<br>Балаларға домбыра аспабы туралы толық мәлімет беру. | Домбыралар |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау**: «Қасиетті домбыра» Бота Бейсенова<br>Әннің мазмұнын түсініп, әңгімелеп беруге үйрету. Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.<br>**Ән айту:** «Әжемнің шайы»<br>Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету.<br>**Музыкалық – ырғақтық қозғалыс**: «Бипыл» биі. «Нұрсәулем - ай» би ансамблі<br>Педагогтің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін үйретуді жалғастыру<br>**Ойын:** «Тақия тастамақ»<br>**Шарты**: Ойыншылар айнала шеңбер болып отырады. Ойын жүргізуші өзі қалаған ойыншының басына шеңбердің сыртынан жүре отырып, білдіртпей тақияны кигізеді. Ойын бастаушы тез орнына жетіп үлгеруі керек. Ал басына тақия киген бала оны қуып жетуі тиіс. Айыбын өтеушілер аспаптарға қатысты жұмбақтар айтады. Қиналған балаларға жетекші көмектеседі. | |
| **IV. Рефлексия** | – Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? – Әннің сипаты қандай екен? – Домбыра аспабы туралы не білесіңдер? Орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Наурыз айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Әжемнің шәйі» әні | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | -Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру; | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.<br>1.Саусақ ойыны «**Бір үйде біз нешеуміз?»**<br>2.**Педагог жетекшілігімен ойын** «Кім жылдам?»<br>Шарты: балаларға отбасы мүшелері туралы өлең оқылады, балалар олардың суреттерін көтереді және атайды. | Түйілген орамал, Отбасы мүшелерінің суреті |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Әжемнің шәйі»<br>Әнді тыңдап, нәзік, сабырлы сипатын сезінеді. Әжеге деген сүйіспеншілік сезімдері туралы әңгімелеу.<br>**Ән айту:** «әжемнің шәйі»<br>Әнді орындап беріп, мәтіні туралы түсіндіру. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін үйрету. Ән айту ережелерін еске салу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыс:** «Апам үшін күнде мен»<br>Өлеңін тыңдап, қимыл-қозғалыстар жасау.<br>**Ойын: «Түйілген орамал»**<br>**Шарты**:Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік үйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. | |
| **IV. Рефлексия** | Балаларды мақтау, жұлдызшалар арқылы бағалау.Сендер кім туралы ән үйрендіңдер?<br>Әжелеріңе қалай көмектесесіңдер? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Наурыз айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекет тақырыбы:** | «Қамажай» биі | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | -Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету; | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Балалар саз бөлмесіне «Айгөлек әнімен кіреді<br>Бүгін біз «**Би әлеміне**» саяхатқа шығамыз.<br>-Келісесіңдер ме?-Олай болатын болса, алыс сапар алдында, денемізді сергітіп, шынықтырып алайық.<br>**Саусақтарға арналған жаттығулар**<br>Жалғыз саусақ тінті-де<br>Ұстай алмас жіпті-де.<br>Екі саусақ бірікті<br>Ине жіпке ілікті.<br>Үш саусағым орамды<br>Жүгіртеді қаламды<br>Өнерлі екен он саусақ<br>Қала салсақ, жол салсақ. | «Қамажай» биі слайд |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Қазақ биіне арналған жаттығулар.**<br>Қолдың 1, 2, 3 ,4 позициялары,иыққа,басқа арналған жаттығулар,білезікке арналған жаттығу,самал жел жаттығуы,кереге жаттығуы.<br>**Тыныс алу жаттығуы «Тікұшақ»**<br>Балалар, біз би әлеміне де келіп қалдық<br>-Балалар, сендер би билегенді ұнатасыңдар ма? Несімен ұнайды?<br>«**Қамажай**» биі туралы мәлімет беру. (слайд көрсету)<br>Музыка жетекшісі балаларға қимылды көрсетіп бірге қайталау.<br>Балаларға би қимылдарын өздері жасауға ұсыныс тастау.<br>«**Қамажай**» биінің негізгі қимылдары:1.Амандасу 2.Білезік 3.Сырға 4.Жалын 5.Толқын 6.Кереге<br>**Релаксация: Күлімдеу:**-балалар, сендер түрлі жаттығулар орындап, би билеп шаршап қалған | |

| | | |
|---|---|---|
| | *шығарсыңдар? олай болатын болса, біз, кілемге жайғасып демалайық.*<br>*- Балалар, жайғасып отырып, көзімізді жұмамыз, еркін тыныс аламыз.*<br>***Баяу әуен:*** *ағаш жапырақтарының сыбдыры, сайраған құстардың дыбысы, сылдырлап аққан судың дыбысы бар музыка қосу. - Ғажайып орман, жасыл желек жамылған ағаштар, құйқылжыта сайраған құстар, сылдырап аққан өзен, жерде жайқалып шөптер, гүлдер өсіп тұр, гүлдердің иісі аңқиды, жидектер пісіп тұр. Көбелектер гүлден гүлге ұшып-қонып жүр, шырша түбіне қоян отыр, тиіндер ағаш басында жаңғақ теріп жүр. Гүлдерді иіскеп, таза ауаны жұтып, беттеріңді желдің өтіне ұстап, ормандағы дыбыстарды тыңдаймыз. Орман іші қандай тамаша, керемет! Ал енді көзімізді ашып, терең тыныс аламыз. Көз алдарыңа не елестеттіңдер?* | |
| ***IV. Рефлексия*** | *Бүгінгі ҮЙЭ алған жерлерімен бөлісу. Балаларды мақтайды.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Наурыз айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | *Домбыра, сазсырнай, асатаяқ* | |
| **Күні:** | *2 сағат* | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | *Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.* | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Музыка залына көңілді музыка әуеніменқарсылау.*<br>*«Жоғалған аспап»*<br>**Шарты:** *Металлафон, барабан,үшбұрыш, домбыра, сылдырмақ, сазсырнай, асатаяқ аспаптары үстел үстінде тұрады. Балалар жетекшісінің белгісімен көздерін жұмады.*<br>*Осы кезде жетекші бір аспапты жасырады. Балалар көзін ашып, жоғалған аспапты атауы керек.* | *Слайд: музыкалық аспаптар.* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** *«Нағыз қазақ - Домбыра»*<br>*Мұқият тыңдап, есте сақтауға, сипатын ажыратуға үйрету.*<br>**Ән айту:** *«Сазсырнай» Балалар әлемі.*<br>*Әннің сипатын түсіндіріп, аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді айтуға үйрету.*<br>**«Не артық?» ойыны**<br>**Шарты:** *Балаларға слайдтан бірнеше музыкалық аспаптардың және бір сөмкенің суреті көрсетіледі. Балалар «не артық?»*<br>*Деген сұраққа жауап іздеп сөмке артық екенін тауып айтады. Ойын әртүрлі суреттермен бірнеше рет қайталанады.*<br>**Музыкалық – ырғақтық қозғалыс ойын**: *«Сылдырмақ»*<br>*Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына сылдырмақтар беріледі. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, әуен дауысы бәсеңдегенде арттарына жасырып, шеңбер бойымен ақырын басып жүреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалады.* | *Аспаптар* |
| **IV. Рефлексия** | *Бағалау жұлдызшалар арқылы.*<br>*Алдағы уақытта қандай аспап түрлерімен танысқыларың келеді? (бала үні)* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Сәуір айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | *«Жау,жау, жаңбыр» әні* | |
| **Күні:** | *2 сағат* | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | *-музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту;* | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | **«Шаттық шеңбері» әдісі**<br>*Өлең мазмұнына сай қимыл-қозғалыстарды орындау*<br>*Көктем келіп шуақты,*<br>*Балаларды қуантты.*<br>*Алақай-ау, алақай,*<br>*Көктем қандай, көктем қандай көңілді!*<br>**ПЖО «Көктем белгілері»**<br>*«Топтастыр» әдісі*<br>*Көктем мезгілі туралы суреттерді топтастырады.* | *Көктем мезгілінің суреттері* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау**: *«Көктем келді» Бота Бейсенова*<br>*Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрету.*<br>**Ән айту**: *«Жау,жау, жаңбыр» Бурахан Дінназ*<br>*Әннің қандай сипатта, екпінде екенін сұрау. Сөздерін қайталап, әуенмен қосылып айтуға үйрету. Балаларға таныс әндерін еске түсіріп, қайталауды ұсынады.*<br>**Музыкалық – ырғақтық қозғалыс: «Көңілді тамшылар»**<br>*Шарты:Күн күркіреп, көңілді әуен қосылғанда тамшы кейпіндегі балалар ортаға шығып секіріп-секіріп билейді. Жетекші күннің суретін жоғары көтергенде тамшылар шетте жатқан бұлт ішіне жинала қалады. Ойын бірнеше рет қайталанады.*<br>**«Үкілі тақия» ойыны**<br>*Балалар жарты шеңбер болып тұрады. Жетекші басына үкілі тақияны киіп, өткен әндерден бір әнді өзі бастап айтады. Екі жолын айтқаннан кейін басындағы үкілі тақияны кез-келген бір балаға кигізе қояды. Ол бала әнді әрі қарай шапшаң жалғастырып айтуы керек. Осылайша әннің әр екі жолы өткен сайын тақияны ауыстырып тұрады. Балалар әнге өте мұқият болып тұруы қажет.* | |
| **IV. Рефлексия** | *Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Сәуір айы.**

| | |
|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | *«Жүргізуші» әні* |
| **Күні:** | *2 сағат* |
| **ТОП:** | **Ересек топ** |
| **Міндеттері** | *-Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау;* |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Балаларды көңілді қарсы алады.*<br>*Кәне, кәне, тұрыңдар,*<br>*Үлкен шеңбер құрыңдар!*<br>*Қанатты кең жайыңдар!*<br>*Қимыл іс-әрекеттерді бірге жасауларын қадағалау.* | *Машина, бағдаршам суреттері.* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** *«Машина» әні. Salem Tai-Tai*<br>*Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену. Машина, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу. Жол ережелері туралы түсінік беру.*<br>**Ән айту**: *«Жүргізуші» Bilim Kids*<br>*Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Айқайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру.*<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** *«Бөбектер биі»*<br>*Балалар жұптасып тұрады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды. 2-бөлімде қол ұстасып айналады.*<br>*Кел, ойнайық, ойнайық, Қызыққа бір тоймайық! – деп ойынға шақырады.*<br>*«Жай және жылдам» ойыны*<br>*Ән-ойын мәтініне сәйкес 1-шумақта жай және тез қол шапалақтау.*<br>*2-шумағында жай және тез аяқ топылдату. Әуен ырғағын ажыратып, еркін қозғалуға үйрету.*<br>**«Бағдаршам»** *өлеңін оқу, өлең мазмұны туралы сұрақ қоя отырып, бағдаршам туралы түсінігін жетілдіру.* | |
| **IV. Рефлексия** | *Балаларды мақтау. Көңіл-күйлерін сұрау. Жұлдызшалар тарату* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Сәуір айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | «Алақай жаз келді» әні | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | - Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту. | |

| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | «Шаттық шеңбері» әдісі<br>Ж.Молдағалиевтің «Жаз» өлеңі.<br>Жайқалып жатырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ Тұратын көз тартып.<br>Жаз келді күншуақ,<br>**ПЖО «Жазда не болады?» ойыны**<br>«Кластер» әдісі<br>Балалар суреттер арқылы әңгімелейді.<br>Қ/О «Жаздық киімдер»<br>**«Кір жаю» әдісі**<br>Шарты: Балалар жазғы киімдер суретін таңдап , оны сипаттайды | Жаздық киімдердің суреті.<br>Жіпке ілінген көбелектер. |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Алақай, жаз келді!»BILIM TV<br>**Ән айту:** «Жаз келді» Салтанат Шайзадаева<br>**Музыкалық – ырғақтық қозғалыстар:** «Түсті шашақпен би»<br>**Шарты:**Шеңбер бойымен тұрып, түсті шашақтарын көтеріп, тербеле қозғалады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіреді. Қолдарындағы шашақтарын арқаларына жасырады. Шеңберді кішірейтіп, әуен ауысқанда үлкейтеді.<br>**Қ/О «Көбелектер аулаймыз»**<br>Балалар жіпке ілінген көбелектерге секіріп қолдарын тигізеді.<br>**Музыкалық лото**<br>**Шарты:** Бір бала металлафонда дыбыстарды соғады. Ал, балалар естіген дыбыстарды нота жолына орналастырады. Соғылған дыбыс жуан болса төменгі жолға, жіңішке болса жоғарғы сызықтарға қояды. | |
| **IV. Рефлексия** | Сендерге топпен ойнаған ұнады ма ? Алдағы уақытта қандай ойындар ойнағыларың келеді? (Бала үні ) | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Сәуір айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | Аспаптар | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | -Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау. | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.<br>Музыка жетекшісі қолына сылдырмақ алып балалармен бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды.<br>Қолымызда сылдырмақ,<br>Сылдыр-сылдыр етеді.<br>Аяғымыз топылдап,<br>Өзі билеп кетеді.<br>Музыка жетекшісі балаларға «Музыкалық аспаптар» дүкеніне баратындығы туралы айтады. Балалар қуанады. | Алдын-ала дайындалған «Музыкалық аспаптар» дүкені |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспаптармен танысу және дауыстарын ажырату.<br>Balapan TV арнасынан сәби: «Аспаптар» қарату.<br>**Музыкалық – ырғақтық қимылды ойын**: «Барабан не дейді?»<br>Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Жетекші барабан аспабында ойнайды. Марш екпіні ойналғанда балалар марш жасап әрі-бері жүре бастайды, өте шапшаң жеңіл ырғақ соғыла бастағанда балалар жеңіл жүгіреді, бір рет қатты соғылғанда қатып қалады. Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?» деген сұрақ қойылып тұрады.<br>**«Жасырынған аспаптар» ойыны**<br>Шарты: музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған кесектер тасталынады. Балалар әуен ырғағымен кесектен – кесекке секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай кесектің үстінде тоқтайды сол кесекті алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет. | |
| **IV. Рефлексия** | – Дүкенде қандай аспаптар бар екен? Балалардың әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Мамыр айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | Тәрбиеші апайым | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | -Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Балаларды саз бөлмесінде көңілді қарсы алады.<br>**ПЖО : «Өлең оқу»**<br>Гүлдендірген бақшаны,<br>Тәрбиеші апайлар жақсы адам.<br>Сондықтан да біз үшін. Артықсыз сіз басқадан.<br>апайларға мың алғыс!<br>**«Сұрақ - жауап» әдісі.** | ҮЮ –ке қажетті әуендер, жаңғақтар. |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Тәрбиеші» Жақсыгүл Қалжанова.<br>Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтауға баулу.<br>**Ән айту:** «Тәрбиеші апайым» (С.Шыныимов, М.Дауылбаев)<br>Жетекші әнді орындайды. Мәтінін қайталатып, сөздерді анық айтуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Көңілді би»<br>Шығарманың 1-ші бөлімінде қол ұстасып айналу. 2-ші бөлімінде өкшелерін алға қою, екі аяқты бірге қою. Би 2-3 рет қайталанады.<br>**«Кім епті?» ойыны**<br>Музыка ойналып, 2 топқа бөлінген балалар жаңғақты түсіріп алмай, «қоймаға» – себеттерге тасиды.<br>**«Үкілі тақия» ойыны**<br>**Шарты:**Балалар жарты шеңбер болып тұрады. Жетекші басына үкілі тақияны киіп, өткен әндерден бір әнді өзі бастап айтады. Екі жолын айтқаннан кейін басындағы үкілі тақияны кез-келген бір балаға кигізе қояды. Ол бала әнді әрі қарай шапшаң жалғастырып айтуы керек. Осылайша әннің әр екі жолы өткен сайын тақияны ауыстырып тұрады. Балалар әнге өте мұқият болып тұруы қажет. | |
| **IV. Рефлексия** | Бағалау: смайликтер арқылы бағалау | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Музыка **Мамыр айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | «Балабақшам арайлым» әні | |
| **Күні:** | 2 сағат | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | -Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту; | |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | Саз бөлмесінде балаларды көңілді қарсы алу.<br>**Қ/О «Құрастыр және әңгімеле»**<br>Қима суреттерді құрастыру арқылы балабақша туралы әңгімелеу<br>-Балалар балабақша дегеніміз не?<br>-Балабақшамыздың аты қалай аталады?<br>— Балабақшада біз не істейміз?<br>— Ал балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба? | Жасыл, сары, көк түсті шеңберлер.<br>Жемістер мен көкөністердің бетперделері. |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Оқуда озат боламын» Бота Бейсенова<br>**Ән айту:** «Балабақшам арайлым» Сәкен Шенимов<br>Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Түрлі – түсті шеңберлер»**<br>**Шарты:** Зал ортасына әр түрлі түске боялған шеңберлер қойылады.<br>Қызыл түс марш, жасыл түс вальс, сары түс көңілді би, көк түс ұлттық би. Әуен қосылғанда балалар қай шеңберде билеу керегін тауып тез барып билеуі қажет.<br>**«Жемістер мен көкөністер» ойыны**<br>Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.<br>**ПЖО «Жай және жылдам»**<br>Балалар жай және жылдам қарқындағы әуенге сай жаттығулар орындайды. | |
| **IV. Рефлексия** | Балаларды жұлдызшалар арқылы бағалау<br>Сендерге музыкалық ойындар ұнады ма?<br>Алдағы уақытта қандай ойындар ойнағыларың келеді? (бала үні) | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Мамыр айы.**

| | |
|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | *«Қояндар» биі* |
| **Күні:** | *2 сағат* |
| **ТОП:** | **Ересек топ** |
| **Міндеттері** | *-Билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау;* |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату** | *Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алу.*<br>*Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, бір орында секіру, қарапайым би қимылдарын қайталауды ұсынады.* | *Ойыншық қояндар* |
| **II. Ұйымдастыру**<br><br>**III. Тақырып бойынша жұмыс** | ***Музыка тыңдау:*** *«Не қалай дыбыстайды?»*<br>*Жабайы аңдар туралы түсінік беру.*<br>***Ән айту:*** *«Сұр қоян» Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Қояндар биі»*<br>*Жетекші балаларға ойыншық қояндар таратады, балаларға әуенге ілесе өз еріктерінше қимыл-қозғалыстар жасауды, жеңіл секіруді ұсынады.*<br>***«Жаңбыр мен көжектер» ойыны***<br>***Шарты:*** *Балалар көжек кейпінде ортада көңілді әуенге секіріп билеп жүреді күн күркіреп жаңбыр жауған дауыс естілген сәтте жетекші қоян кейпіне еніп көжектерін өзіне шақырады.*<br>*Ойын бірнеше рет қайталанады.*<br>***«Олар қалай жүреді?» ойыны***<br>*Балалар музыка ырғағымен шеңбер құрып жүреді. Жетекші аюдың суретін көрсетсе аюдың жүрісін, қоянды көрсетсе қоянның жүрісін, түлкіні көрсетсе түлкінің жүрісін салып жүреді. Жетекші бірте-бірте әуен ырғағына жылдамдық қосып отырады.* | *Жабайы аңдардың суреттері* |
| **IV. Рефлексия** | *Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** *Музыка* **Мамыр айы.**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** | *Аспаптар* | |
| **Күні:** | *2 сағат* | |
| **ТОП:** | **Ересек топ** | |
| **Міндеттері** | *-Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.* | |
| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br><br>**II. Ұйымдастыру** | *Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.*<br>***ПЖО:** Балаларға үрмелі аспаптардың суреттері салынған карточкалар беріледі. Жетекші перденің артындағы үрмелі аспаптардың біруін үрлеп ойнап, қай аспапта ойнағанын сұрайды. Балалар суреттерге қарап, дұрыс табуға тырысады.*<br>*Музыка жетекшісі балаларға «Музыкалық аспаптар» дүкеніне баратындығы туралы айтады.Балалар қуанады.*<br>***«Жасырынған аспаптар» ойыны***<br>*Шарты: музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қиылған кесектер тасталынады. Балалар әуен ырғағымен кесектен – кесекке секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқтағанда қай кесектің үстінде тоқтайды сол кесекті алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет.* | *Алдын-ала дайындалған «Музыкалық аспаптар» дүкені* |
| **III. Тақырып бойынша жұмыс** | *«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспаптармен танысу және дауыстарын ажырату.*<br>*Balapan TV арнасынан сәби: «Аспаптар» қарату.*<br>***Музыкалық – ырғақтық қимылды ойын: «Сиқырлы текше»***<br>***Шарты:** Көңілді әуен ойналады.Жетекші және балалар шеңбер бойымен билеп жүреді.Музыка әуені тоқтағанда,текшені бір біріне беріп, тақпақ айтады.*<br>*– Біз көңілді баламыз, – Әсем әнге саламыз.*<br>*– Ойын ойнап бастаймыз,*<br>*– Қиындықтан қашпаймыз. Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Жетекші текшеде қандай аспап екенін балалардан сұрайды. Егер текшеде барабан аспабының суреті болса, ол бала барабан аспабында қалай ойнау керегін көрсетуі тиіс.* | |
| **IV. Рефлексия** | *– Дүкенде қандай аспаптар бар екен? Балалардың әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салады.* | |